

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

Магнитола DEXP Q120

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақтық шаралары

1. Пайдаланар алдында міндетті түрде қауіпсіздік пен пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.
2. Құрылғыдағы ескертулерге назар аударыңыз және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы талаптарды сақтаңыз.
3. Құрылғыны пайдалану ережелерін орындаңыз.
4. Құрылғыны су көздерінің қасында, мысалы, ваннаның, раковинаның, бассейннің қасында, сулы беттерде және кез келген басқа ылғал көздерінің жанында пайдалануға болмайды.
5. Құрылғының желдету саңылауларын жаппаңыз. Құрылғыны төсекке, диванға, кілем немесе осы сияқты зат беттеріне қойып, желдету саңылауларын жабуға болмайды. Құрылғыны шкафтың немесе ауа ағымына кедергі келтіретін басқа да жабық жиһаздың ішіне орнатпаңыз.
6. Құрылғыны жылу көздеріне, мысалы, радиаторларға, электр жылыту құрылғыларына, тұмшاپештерге немесе жылу көздері болып табылатын басқа да құрылғыларға (соның ішінде күшейткіштер) жақын орнатуға болмайды.
7. Құрылғыны нұсқаулықта сипатталған немесе құрылғыда берілген кернеу көзіне қосу керек.
8. Жерге қосу құралдары немесе полярлық белгілері зақымдалмауы үшін сақтық шараларын қолдану керек.
9. Желілік баусымдар еш кедергісіз қозғалысты қамтамасыз етілетіндей жүргізілуге тиіс. Қуат баусымын қызып тұрған беттермен жанасудан және майысудан қорқаңыз.
10. Құрылғының үстіне және қуат кабеліне бөгде заттарды қоймаңыз.
11. Құрылғыны тек өндіруші көрсеткенге сәйкес тазалау керек.
12. Сыртқы антенна электр жеткізу желісінен алшақ болуға тиіс.
13. Егер сыртқы антенна қабылдағышқа жалғанса, құрылғыны кернеу ауытқуынан қорғау және статикалық электрдің жиналуына жол бермеу үшін, антеннаның жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
14. Аспап ұзақ пайдаланылмай тұратын жағдайда, құрылғыны желіден ажыратып қойыңыз.
15. Тесіктер арқылы құрылғы корпусының ішіне қандай да бір заттар немесе сұйықтық кіруіне жол бермеңіз.
16. Келесі жағдайларда сервистік орталыққа хабарласу керек:
 - қуат көзінің баусымы немесе ашасы зақымдалса;
 - құрылғының ішіне қандай да бір зат немесе сұйықтық кірсе;
 - құрылғы судың әсеріне ұшыраса;
 - құрылғы дұрыс жұмыс істемесе;
 - құрылғы құласа немесе оның корпусы зақымдалса.
17. Аспапты тым ыстық, суық, лас немесе ылғалды жерде пайдаланбаңыз.
18. Аспапты тегіс және тұрақты беттерге орналастырыңыз.
19. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Балалардың құрылғымен ойнауына рұқсат бермеңіз.

Құрылғының жұмысында ақаулық туындаған жағдайда құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, сервистік орталыққа жүгінген жөн.

Құрылғының сұлбасы



1. Телескоптық антенна.
2. Қабылдағышты ажыратып-қосқыш.
3. Диапазондіарды реттегіш.
4. Дыбыс деңгейін реттегіш.
5. Қуат индикаторы.
6. Батареяға арналған бөлім.
7. DC 5 В қуат көзінің ағытпасы.
8. Зарядтау индикаторы.
9. DC 5 В ағытпасы.
10. AUX ағытпасы.
11. Функцияларды ажыратып-қосқыш.
12. USB ағытпасы.
13. MicroSD ағытпасы.
14. MODE түймесі.
15. «Артқа» түймесі.
16. «Ойнату/Үзіліс» түймесі.
17. «Алға» түймесі.
18. Тұтқа.
19. Динамиктер.

Құрылғымен жұмыс істеу

Батареядан қуаттау

- Батарея бөлімін ашып, полярлықты сақтай отырып, R20 түріндегі 2 батареяны қойыңыз.
- Қажет болса, батареяларды жаңасына ауыстырыңыз. Ескі және жаңа батареяларды бір уақытта пайдаланбаңыз.

Аккумуляторды зарядтау

- Құрылғыны зарядтау үшін mini USB интерфейсі пайдаланылады.
- Құрылғыны өшіріп, оған қуат кабелін жалғаңыз. Кабельдің екінші ұшын компьютерге немесе 5 В зарядтау құрылғысына қосыңыз.
- Құрылғыны зарядтағанда индикатор қызыл болып жанып, аяқталғанда — өшеді.
- Аккумулятордың қызмет мерзімін арттыру үшін құрылғыны өшіп тұрғанда зарядтамаңыз және зарядтау кезінде оны (құрылғыны) пайдаланбаңыз.

Ескерту: бірінші рет пайдаланар алдында құрылғыны толық зарядтаңыз.

Радионы пайдалану

- Қабылдағыштың ажыратып-қосқышын қажетті режимге (FM, AM, SW1, SW2) қойыңыз.
- Диапазондар реттегішінің көмегімен қажетті жиілікті табыңыз.
- Қабылдауды жақсарту үшін құрылғының антеннасын баптаңыз.
- Дыбыс деңгейін реттегіштің көмегімен дыбыс деңгейін басқарыңыз.

MODE түймесі

Бұл түймені басу арқылы Bluetooth/тасығыштан ойнату режимдерінде қосұлы тұрған аудиосигнал көздерінің, сәйкесінше Bluetooth, USB, microSD, AUX арасында ауысу жүзеге асады.

USB/microSD тасығыштарынан ойнату

- Тасығышты тиісті слотқа салыңыз.
- Бүйірдегі режимдерді ажыратып-қосқышты сыртқы тасығыштардан ойнатуға қойыңыз.
- MODE түймесін басып, қажетті тасымалдаушыны (USB немесе microSD жад картасын) таңдаңыз.

Құрылғыны күшейткіш ретінде пайдалану

- Сыртқы құрылғыны AUX IN кабелінің көмегімен қосыңыз.
- Бүйірдегі режимдерді ажыратып-қосқышты сыртқы тасығыштардан ойнатуға қойыңыз.
- Қосылған құрылғыдағы ойнатуды басқарыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: Q120.
- Жалпы шығыс қуаты: 6 Вт.
- Енжар сәуле шығарғышы бар екі динамик.
- Қуат көзі: DC, 5 В.
- Батареялар: R20 x 2 дана.
- Орнатылған аккумулятор: 1200 мА.
- Сымсыз қосылу: Bluetooth.
- Тасығыштардан ойнату: USB, microSD.
- Аудиофайлдардың ойнатылатын форматы: MP3.
- Радиоқабылдағыш: диапазондары FM және AM, SW1, SW2.
- FM жиіліктерінің диапазоны: 88-108 МГц.
- AM жиіліктерінің диапазоны: 530-1600 кГц.
- SW жиіліктерінің диапазоны: 5.9-22.0 МГц.
- Баламалы ағытпалар: желілік кірісі 3.5 мм.
- Телескоптық антенна 360°.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндіруші қаптамасында 5 °С... 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің буы) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтімді қажет етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда, оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Фэйхан Электроникс Ко. Лтд.

Вэньмин тас жолы №67, Сяосян ауылы, Ваньцзян ауданы, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

www.dexp.club